

Астана қаласы әкімдігінің
№38 «Шаттық» балабақшасы МКҚК

Педагогикалық кеңестің
№1 отырысында қаралды

БЕКІТЕМІН 
№38 «Шаттық» балабақшасының
менгерушісі А. Ахметжанова
«31» тамыз 2023 жыл



**2023-2024 оқу жылына арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

Ақпараттық мәлімет

Жалпы мәлімет

Талдау

Кесте

Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

-«Дене шынықтыру» ҰОҚ(ДШ)

-режимдік сәттер (РС)

-денсаулық күндері (ДК)

-дене шынықтыру сауық-кештері (ДШС)

-дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)

-рационалды теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру (РТТ)

-медициналық-педагогикалық бақылау

Кадрлармен жұмыс

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу (ПА)

Біліктілікті арттыру (БА)

Кластерлерде жұмыс (КЖ) (әдістемелік бірлестіктер (ӘБ))

Жас мамандармен жұмыс (ЖМЖ);

Білім беру процесін ұйымдастыру

Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері(АК)

ҰОҚ, ойын әрекеті, режимдік сәттер,

Ертеңгіліктер, сауық-кештер

Мақсатты серуен

Байқаулар, Көрмелер

Педагогикалық кеңестер (ПК)

Әдістемелік кеңестер (ӘК)

Семинарлар

Кеңестер

Әдістемелік кабинеттің жұмысы

Әлеуметпен жұмыс

Ата-аналармен өзара ықпалдастық(АЫ)

Бірлескен іс-шаралар (БШ)
Мектеппен сабақтастық(МС)
Басқа әлеуметтік институттармен серіктестік

Бақылау және басшылық

Фронталды бақылау (ФБ)
Салыстырмалы бақылау (СБ)
Тақырыптық бақылау (ТБ)
Жедел бақылау (ЖБ)
Мониторинг (М)
Өндірістік жиналыс(ӨЖ)

Әкімшілік жиналыстар (ӘЖ);

Материалдық-техникалық базасын жаңарту

1.« Мектеп жасына дейінгі балалардың мүсіндеу іс-әрекетінде қыш өнерін пайдаланудың ерекшеліктері» тақырыбындағы эксперименттік алаңның дайындық (кіріспе) кезеңі

Ақпараттық анықтама

Жалпы мәлімет

1. Балабақша мына мекенжай бойынша орналасқан:
Астана қаласы, Бурабай көшесі, 40
2. Пайдалы ауданы 4412,4м²
3. Жоба қуаттылығы 240 орын
4. Жұмыс тәртібі: 7.30-18.00 (балалардың болу уақыты 10.30)
5. Оқыту тілі – қазақ тілі
6. Қаржыландыру: бюджеттік, ата-аналық жарналар
7. Жыл бойы балалардың балабақшаға келуі 90 % құрайды.
8. Балабақша меңгерушісі: Ахметжанова Ажар Кунашпаевна
9. Оқу-тәрбие үдерісіне әдіскер: Калдыбаева Шынар Сыздықовна
10. Инновация әдіскері: Алиева Сағыныш Кудияровна
11. Медбике: Байгарина Гульмира Жапаровна
12. Психолог: Ертаева Кымбат Букетбаевна
13. Тәрбиешілер: 23
14. Балабақша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде жұмыс жасайды.
15. Балабақшада білім берудің барлық деңгейі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты арқылы жүзеге асады.

2022 - 2023 оқу жылында
№ 38 «Шаттық» балабақшасында жүргізілген
оқу – тәрбие жұмысына есеп

Тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес 2022 - 2023 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» және «Мектепке дейінгі балаларды дамытуда бейнелеу өнері мен құм терапиясының тиімділігі» тақырыбындағы эксперименттік алаң бойынша жұмыс жүргізіліп, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын 3 жылға алынған жұмыстың қорытынды есебі берілді.

Мақсаты: Балабақша және отбасы арасындағы креативтілік - шығармашылық байланысты орнату.

Міндеттері:

1. Денсаулық талаптарын сақтап балалар мен балабақша педагогтарының салауатты өмір салтын қалыптастыру.
2. Көркемдік –эстетикалық тәрбие барысында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 3.Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуда заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану, шығармашылық қабілетін дамыту, ойын арқылы ақыл - ойды қалыптастыру және өз алдына жеке тұлға ретінде қалыптастыру.

2022 - 2023 оқу жылында жұмыс жасаған топтар бойынша мәлімет
Барлығы – 12 топ
Оқыту тілі – мемлекеттік тіл
Проект бойынша сыйымдылығы – 240 бала

№	Жас кезеңдері	Топтардың саны	Топтардың атаулары
1	Кіші жас: 2 жас	2	Кіші топ №9 «Аққайын»
2			Кіші топ №10«Аққу»

3	Мектепке дейінгі орта жас: 3 жас	4	Ортаңғы топ №11 «Жұлдыздар»
4			Ортаңғы топ №4 «Қарақат»
5			Ортаңғы топ №12 «Шағала»
6			Ортаңғы топ №3 «Бозторғай»
7	Мектепке дейінгі ересек жас: 4 жас	4	Ересек топ №1 «Қарлығаш»
8			Ересек топ №6 «Қызғалдақ»
9			Ересек топ №5 «Түймедақ»
10			Ересек топ №2 «Ләйлек»
11	Мектепалды жасы: 5 жас	2	Мектепалды даярлық тобы №7 «Бұлбұл»
12			Мектепалды даярлық тобы №8 «Ақбұлақ»

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, медициналық қызметті жүйелі ұйымдастыру, отбасымен тығыз байланыс жасау.

Балалардың денсаулығын нығайту үшін балабақшамызда мынадай ережелер күнделікті сақталынып тұрады: күн тәртібі бойынша сауықтыру шаралары, таңертеңгілік жаттығу, қимыл - қозғалыс ойындары, серуендері, спорттық жаттығулар, сергіту сәттері, спорттық мерекелер, ойын сауықтар және балалардың өз бетінше қозғалу қызметінің түрлері. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізгі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта дұрыс қалыптасуына ықпал етеміз. Балабақшада оқу қызметі жүйелі түрде өткізіледі және «Олимпиада ойындары», «Біз отанның сарбаздары» спорттық сайыс өткізді.

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша баланың қозғалысты белсенділігін дамытып, ептілік, шыдамдылық, үйлесімдік дағдыларын қалыптастыру бағытында үнемі жасап отырдық. Балабақшада түскі ұйқыдан кейін балалармен созылу, беттерін суық сумен жуу, жалаң аяқ жүру, тыныс алу, нүктелі массаж үнемі жүргізіліп тұрды, баланың денсаулығы мықты болу үшін мәдени гигиеналық талаптары орындалды.

Қорытынды: балабақшада тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау және

нығайту бойынша үлкен жұмыстар жүргізілді. Тәрбиеленушілерді мерзімдік медициналық тексерумен қамту - 100% құрайды.

Балалардың аурушандығын төмендету бойынша жұмысты келесі жылы жалғастыру, балалардың салауатты өмір салтының қажеттілігін қалыптастыру бойынша тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-әрекетті жалғастыру қажет.

Тәрбие - білім беру процесін ұйымдастыруда мына ережелер мен ұсыныстар ескерілді:

➤ «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына 1- қосымша)

➤ «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы.

Оқу жұмыс жоспарын құрастыру кезінде апталық оқу жүктемесі бойынша рұқсат берілетін көлемі және вариативтік компонентті қоса санағанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы есепке алынды.

Мектепке дейінгі ұйымның бағытына, эксперименталдық жұмыс пен ата - аналар мен балалардың қызығушылығына сәйкес енгізілген:

1. «Мектепке дейінгі балаларды дамытуда бейнелеу өнері мен құм терапиясының тиімділігі» (эксперименттік алаң).

2022 - 2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қорытынды бақылау нәтижелері бойынша

Жиынтық есебі

№	Топтың/сыныптың атауы	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	Кіші топ №9 «Аққайын»	-	31-24%	94-76%
2	Кіші топ №10«Аққу»	4-3%	36-28%	90-69%
3	Ортаңғы топ №11«Жұлдыздар»	21-14%	43-30%	75-56%
4	Ортаңғы топ №4«Қарақат»	6-4%	10-7%	124-89%
5	Ортаңғы топ №12«Шағала»	25-16%	64-41%	66-43%
6	Ортаңғы топ №3«Бозторғай»	17-15%	40-35%	58-50%
7	Ересек топ №1«Қарлығаш»	-	27-21%	103-79%
8	Ересек топ №6 «Қызғалдақ»	4-3%	15-10%	131-87%
9	Ересек топ №5 «Түймедақ»	-	24-19%	101-81%
10	Ересек топ №2 «Ләйлек»	-	2-2%	118-98%

11	Мектепалды даярлық тобы №7 «Бұлбұл»	-	4-3%	136-97%
12	Мектепалды даярлық тобы №8«Ақбұлақ»	2-1%	16-11%	122-88%
Жалпы балалардың пайыздық үлесі		Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 79-5%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 312-19%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 1218-76%

Қорытынды диагностикаға 323 бала қатысты. Бағдарламалық материалды барлық жастағы балалар меңгерген:

Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі - 76%

Орташа деңгейдегі балалардың үлесі - 19%

Төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 5%

2022 - 2023 оқу жылының қорытындысы бойынша

Мектепке дейінгі білім беру мекемелері тәрбиеленушілерінің білім беру салалары бойынша бағдарламалық материалдарды меңгеру мониторингінің нәтижелері қанағаттанарлық болып табылады.

Мониторинг нәтижелері бойынша бақылауға қатысқан 323 баланың білім жоғары және орташа деңгейдегі балалардың пайыздық үлесі 95% құрады, ерекше білімді қажет ететін балалардың пайыздық үлесі 5 % .

Жалпы білім алушылар барлық білім беру салалары бойынша бағдарламалар бөлімдері бойынша материалды игерді.


Педагог кадрлар туралы

2022 - 2023 оқу жылдарындағы педагогтердың білімдері бойынша сапалық құрамы

Педагогтар саны	оның ішінде	жоғары	оның ішінде мектепке дейінгі жоғары	арнайы орта	оның ішінде мектепке дейінгі арнайы орта
жылдың басы					
33	педагог	9		1	
	10	90%		10%	
	тәрбиеші	19	5	1	3
	23	83%	22%	4%	13%
жылдың соңы					
27	педагог	10		1	

	10	90%		10%	
	тәрбиеші	11	4	1	1
	17	65%	24%	10%	10%

**Педагогтардың білімдері бойынша сапалық құрам
диаграммасы**



Педагогтердің біліктілік деңгейінің көрсеткіші

Барлық педагог тар	жоғары санатты		бірінші санатты		екінші санатты		санаты жоқтар		Педагог-зерттеуші		Педагог-сарапшы		Педагог-модератор	
33	4	12%	-	0%	2	6%	16	48%	2	6%	3	9%	6	18%

Жылдың соңы

№	Лауазымы	Жоғары санат	Педагог-зерттеуші	Бірінші санат	Педагог-сарапшы	Екінші санат	Педагог-модератор	Санаты жоқ
1.	Меңгеруші							1

2.	Әдіскер	1							
3.	Тәрбиеші	1	1	0	2	2	5	6	7
4.	Педагог-психолог	1							
5.	Логопед							1	
6.	Дефектолог							1	
7.	Бейнелеу өнерінің мұғалімдері		1		1				
8.	ДШ бойынша нұсқаушы						1		
9.	Музыка жетекшісі	1							1

2022-2023 оқу жылында өз біліктілік деңгейін көтеріп аттестациядан өтуге 4 педагог-тәрбиеші өтініш беріп, 4 тәрбиеші педагог-модератор статусын қорғады. Осы оқу жылындағы жалпы біліктілік деңгейі 52 % құрайды.

Ұсынымдар:

2023-2024 оқу жылында педагог-тәрбиешілер мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жаңа моделін басшылыққа ала отырып, өз бетінше ізденіп, білімдерін үнемі арттыру;

мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттарды меңгеру;

2023-2024 жылында педагогтердің біліктілік деңгейін 75 % көтеру;

**№ 38 «Шаттық» балабақшасы педагогтерінің
2022 - 2023 оқу жылында біліктілігін арттыруы
туралы мәліметі**

№	Біліктілік арттыру орталығының атауы	Педагог саны	Сағат саны	Педагогтардың аты-жөні
1	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ	3	170	Тыштыбаева Б.А. Жунисбекова Н.С. Алина Г.М.

2	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамы	1	72	Аубакирова Г.Е.
---	---	---	----	-----------------

2023-2024 оқу жылында білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін педагог-тәрбиешілердің біліктілік деңгейін:

- «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығынан (40%) арттыру;
- «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалынан (50 %) арттыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдіс-тәсілдер жөнінде білімдерін өзектендіру.

Жылдық міндеттерді іске асыру бойынша жұмыстар

Жыл бойы жылдық міндеттерді жүзеге асыру үшін педагогтармен педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған жан - жақты әдістемелік жұмыс жүргізілді. Жылдық жоспарда белгіленген барлық іс-шаралар белгіленген мерзімде өткізілді. Оқу жылы бойы жүзеге асырылатын әдістемелік жұмыс педагогтардың күнделікті практикасымен үйлесімді байланыста болды. Әдістемелік қызмет жұмысының басты міндеттерінің бірі барлық педагогтарға нақты, болжамды көмек көрсету болды.

Әдістемелік жұмыс келесі формада ұйымдастырылды:

Дәстүрлі:

- тақырыптық педкеңес;
- проблемалық семинарлар;
- семинар - практикумдар;
- кеңес беру;
- біліктілікті арттыру;
- педагогтардың өзін - өзі жетілдіру тақырыптарымен жұмысы;
- ашық ұйымдастырылған іс-шаралар және оларды талдау;
- түрлі конкурстарға қатысу.

Инновациялық:

- педагогикалық ринг;
- коучинг;

Жылдық міндеттерді жүзеге асыру үшін ұжым оқу жылы бойы мақсатты және жүйелі жұмыс жүргізді. Педагогтар әдістемелік жұмысқа үнемі белсенді қатысты: семинарларға, педагогикалық кеңестерге, әдістемелік кеңестерге, сондай-ақ конкурстар мен іс - шаралардың белсенді қатысушылары болып табылды. Әдістемелік жұмыстың жоғары түрі педагогикалық кеңес болып табылады. Оқу жылы бойы педагогикалық ұжыммен бірге 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Олардың барлығы барлық педагогтардың қатысуымен өтті, жақсы практикалық нәтижелері болды. Педагогикалық кеңестер дәстүрлі түрде, жұмыс тәжірибесінен хабарлама-презентациялар, әріптестерімен пікір алмасу түрінде өтті. Іскерлік ойындар, педагогикалық сөзжұмбақтарды шешу, ойындар, презентациялар қолданылды. Бұл педагогтардың іс - әрекетін белсендіруге, оларды

педагогикалық кеңес тақырыбына тартуға ықпал етті.

Педагогикалық кеңес педагог біліктілігін арттыруға жәрдемдеседі. Алға қойылған білім беру міндеттерінің тиімділігі педагогикалық кеңес жұмысының қалай ұйымдастырылуына байланысты болады. Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде теориялар, әдістемелер, осы тақырып бойынша үздік тәжірибелер, педагогтердің практикалық атқарған жұмыс тәжірибелері (мониторинг қорытындысы, тақырыптық бақылау анықтамалары, т.б.) қамтылады.

Балабақшаның маңызды міндеттерінің бірі - дене шынықтыру іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту болып табылады. Бұл тақырып педагогикалық кеңестің отырысының бірінде қаралды.

Бірінші педагогикалық кеңес оқу жылының қарсаңында өтеді де, жаңа оқу жылы міндеттерін талқылауға арналады. Өткен оқу жылының жұмысына талдау жасалынды, жылдық жұмыс жоспарын, жұмыс оқу жоспарын, перспективтік жоспарлар бекітілді. Әр оқу жылының педагогикалық ұжым алдында тұрған міндеттерінің барлығы педагогикалық кеңестің тақырыптары өзекті мәселелер бойынша құрылған. Педагогикалық кеңес шешімі нақты мақсаттарды көздеді. Педагогикалық кеңестер инновациялық технологияларды қолдану арқылы өткізілді.

Ұсыныстар:

- 2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестерді өткізудің стандартты емес түрлерін қолдануды жалғастыру;
- білім беру жүйесін жаңғырту шеңберінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыру;
- жаңа инновациялық технологияларды қолдануға және пайдалануға көп көңіл бөлу.

Бақылау мен басшылық жұмыстары

Мақсаты: Барлық білім беру салаларының орындаулын анықтау.

Бақылау - тәрбие мен білім беру үдерісінің білім беру бағдарламалары мен МДҰ Жарғысының мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы. Бақылау жасау арқылы педагогикалық үдерістің жекелеген өлшемдерінің деңгейін нақтылайды, бағалайды, нормативтік талаптармен салыстырады. Бақылау әр түрлі жоспарланған жоспарға сәйкес болады. Бақылау ауытқулар мен олардың себептерін жоюға мүмкіндік береді. Әрдайым жүйелі бақылау жасап отырмаса МДҰ - ның қызметі мен дамуы апатқа апарып соғады. Осындай ережелерге сәйкес біздің де балабақшада төмендегідей бақылау жұмыстары жүргізілді:

- тақырыптық бақылау (жылдық міндеттердің орындалуы бойынша бақылау)
- шұғыл бақылау (топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы, балалардың тамақтандыру процесінің ұйымдастырылуы, күн тәртібінің орындалуы)
- салыстырмалы бақылау (ұйымдастырылған оқу қызметтерінің сапалы орындалуы)
- ауқымды бақылау (ұйымдастырылған оқу қызметтері бойынша білім-білік деңгейлері)

Бақылау және басшылық: балабақшаның оқу-тәрбиелеу жұмысын бақылау, тәрбиешілер жұмысын тікелей қадағалау мен талдау арқылы жүзеге асырылды.

Оқу - тәрбие жұмысы

Балаларға тәрбие беру-оқыту жұмыстарын меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, және педагог - мамандар (психолог, орыс тілі мұғалімдері, музыка жетекшілері, дене тәрбие жөніндегі нұсқаушылары жүргізді.

Тәрбиеленушілердің ойын-сауықтарын ұйымдастыру түрлері :

- Мемлекеттік, ұлттық, халықаралық мерекелерге арналған ертеңгіліктер;
 - Әдеби оқулар;
 - Музыка-сахналық күндер;
 - Денсаулық күндері;
 - Спорттық мерекелер (жазғы және қысқы);
 - Әр түрлі театрлар, драмалау (балалардың қойылымдары, педагогтардың қойылымдары және балалар мен ата-аналардың бірге
-

қоятын қойылымдары);

- Концерттер;
- Ашық есік күндері;
- Жоба, презентация;
- Саяхаттар;
- Туған күндер.

Оқыту және тәрбиелеу процесі - балабақша жұмысының негізгі бөлімі болып табылады, ол балалардың жалпы дамытуын қамтамасыз етеді.

Балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеу - бұл бір - бірімен тығыз байланысты екі процесс. Балабақшада тәрбиелеу - білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары негізінде жасалған оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Тәрбие - білім беру мектепке дейінгі ұйымның педагогтарымен балаларды ынтымақтастырып, мектепке даярлауды қамтамасыз етеді.

Балаларды оқыту негізі - әртүрлі құнды іс - әрекеттер, ойын, оқу қызметтер болып табылады.

Балаларды тәрбиелеу орны - ойын бөлмесі, ұйықтайтын бөлме, дене шынықтыру мен ән-күй залы, психологтың, дәрігерлердің кабинеті, балалар жиһазы. Заттық кеңістік ортасының жайлылығы әрбір баланың оқу оқуына, дем алуына, оның эмоционалды көңіл - күйін, денсаулығын нығайтуға, шығармашылығын, сөйлеу тілін, әртүрлі іс-әрекетін, балалардың бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын қалыптастыруға әсерін тигізеді. Пәндік - дамытушылық ортасы - оқу тәрбие үрдісінің міндеттері мен мазмұнына сай ұйымдастырылды. Топтық бөлмені балалардың жекелей ойнауына мүмкіндіктері болатындай ұйымдастырылды, ол баланың ой - өрісін оятып, шығармашылдыққа итермелеп, ой - қиялын дамытады.

Дамыту орталықтары және жеке - дара топтардағы жұмыс балалардың қарым - қатынастарына жағдай туғызады, жұмыс барысында балалар өздерінің мәселелерін шешеді, шешім қабылдайды, өз ойын айту еркіндігін алады, бір - бірімен білімдерімен, ойларымен бөліседі, сол білімдерін тәжірибе барысында іске асырады. Мұндай бірігіп ұйымдастырылған іс - әрекет балаға өз көмегін берді.

- замандасының тұлғалық қасиетін көру;
- оның ісімен келісу, қызығушылығын құптау, құқығын қорғау;
- замандастарымен қарым - қатынас барысында болып қалған қате жағдайларда дұрыс шешімін табу.

Даму ортасын құру барысында ұлттық калоритті сақтау - ұлттық көркем өнер негізінде әшекейлеу және Қазақстанның рәміздерінің болуы міндетті.

Балалардың қарым - қатынас жасаудағы жекелей бағдарлау әдісі балаларға бостандық, тәуекелдік, өз еркінше әрекет беру үшін еркіндік беруді, бәрімен тең дәрежеде қарым - қатынас жасауды талап етеді.

Дамыту орталықтарының мазмұны ата - аналар мен педагогтардың қалауы бойынша толықтырылып отырады.

- қызығушылықты арттыру;
 - өткен материалдар (тағы бір орындау мақсатын және жетістік
-

қуанышын сезіну);

- баланың жеке дара мүмкіндігі (ол мүмкіндік алғанына қуанышты болады);
- жақын ортаны қамтамасыз ету (бала өз күшін, мүмкіндігін сезінеді, өзінің бірінші қуанышына қуанады, сұрақтарды шешуге үміт артады);
- сарқылмайтын ақпараттық (мен күнде қызықты жаңалықтар күтіп тұратын балабақшаға барғым келеді).

Әр орталықтарда табиғи материалдардан, дидактикалық көрнекіліктер, мозаикалар, лото, құрастыру ойыншықтары, суретті кітапшалар, санамақ материалдары, сюжетті суреттер, жұмсақ ойыншықтар, үстел үсті ойындары, құрастыру ойыншықтары, қимыл-қозғалыс ойыншықтарына қажетті жабдықтар жинақталған. Әр топта мектепке дейінгі балаларды қоршаған ортаға бейімдеу мақсатында «Шаштараз», «Емхана», «Дүкен» және т.б. желілі - рөлді ойындар бұрышы, табиғат бұрышы, ұлттық бұйымдар бұрышы жабдықталған. Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздік ережелерін есте сақтай білулеріне қажетті жол ереже белгілері, өрт, су қауіпсіздігі ережелері бойынша сюжетті, жекелеме суреттер, плакаттар жинақталған. Топтарда заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етілген. Сөйлеу, сенсорлық, танымдылық, эстетикалық дамуына жағдай жасалған.

Әдіскердің әдістемелік кабинетінде балабақша жұмысының жылдық жоспары, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру кестесі, педагогтердің аттестациядан өту кестесі, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітіліп ілінген. Әдістемелік материалдар, әдістемелік ұсынымдар, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған. Тәрбиеленушілердің даму диагностикасының материалдары, тәрбие жұмысының материалдары, тәрбие жұмысының материалдары, ата-аналармен жұмыс материалдары жасалынған. Топтардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындығы зерделеніп, жас ерекшеліктеріне қарай топтардың ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі, күн тәртібі жасалынған.

«Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңын іске асыру бойынша атқарылған жұмыстар

«Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңын іске асыру мақсатында балабақшада мақсатты жұмыстар жүргізілді: іс қағаздар, меңгеруші жанындағы жиналыстар, барлық отырыстар мемлекеттік тілде жүргізілді.

Балабақшадағы ішкі, сыртқы жарнамалар, көрнекі ақпараттар, хабарландырулар, көрмелердің барлығы мемлекеттік тілде безендіріліп, Тіл туралы заңнама талаптарына сәйкес рәсімделді. Балабақшада «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңының орындалуын қадағалау мақсатында жауапты тұлға етіп Батталова Ақмарал Жеңісқызы тағайындады, қызметкерлердің мемлекеттік тілде құжат дайындау сапасын қадағалап отырады.

Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 93 -

бабына, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23, 25 - баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 - қарашадағы өкімімен мақұлданған. Қазақстан Республикасының Тіл саясаты тұжырымдамасына, ел президентінің Қазақстан халқына арналған «Қазақстан – 2030» Жолдауына сәйкес әзірленген. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы екенін басқа ұлт өкілдеріне ұғындырып, түсіндіру, тілді игерту, оның қыр - сырын меңгерту ең басты міндетіміз.

Қазақстан Республикасының «Тілдер күніне» арналған іс-шаралар 2020 жылғы қыркүйектің 14 - 18-і аралығында бекітілген жоспар бойынша өтті.

Балабақша тәрбиешілері мен тәрбиеленушілері тілдер басқармасының ұйымдастыруымен өтетін Қазақстан халқы тілдерінің қалалық фестиваліне, түрлі концерттерге және де мерекелік кештерге атсалыса қатысады.

Қорыта келе, балабақшаның тәрбиеші - педагогтары әр түрлі әдістерді қолдана отырып, бағдарлама материалдарын игеруде түрлі жетістіктерге қол жеткізуде. Топтағы балалардың жастарына сай байланыстырып сөйлеуді меңгерген, сөздік қорлары мол. Балалардың тілді меңгеру деңгейін сараптаған кезде, олардың ана тіліне деген қызығушылығы жоғары екендігін, бағдарламаны толық меңгергенін білуге болады. Жұмыс нәтижесі балабақшаның барлық тәрбиеленушілері, қызметкерлері және ата - аналарымен өткізілген іс - шараларда көрінеді. Балабақшада өткізілген барлық ертеңгіліктерде ұлттық әндер айтылып, ұлттық билер биленіп және ұлттық ойындар ойналады.

Отбасымен ынтымақтастық.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың маңызды міндеттерінің бірі ата-аналардың балабақша өміріне қатысуы болып табылады.

Балабақшада бала тәрбиесіндегі ата-аналармен тығыз байланыс орнатуға баса назар аударылды. Өйткені ата өнегесін, әженің нақыл сөздерін тыңдап, әкенің қамқорлығы мен ананың мейірімін көріп өскен баланың ой-өрісі жетік, ақылы толысқан болады. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген сөз осындайда айтылса керек. «Ұлттық құндылықтарға негізделген «Өркендеу» бағдарламасын тәжірибеден өткізу» тақырыбындағы эксперименттік алаңның жоспары аясында «Ата-ана–бала-педагогтің» қарым-қатынасына баса назар аударылды. Ата-аналар, яғни «Аталар», «Әжелер» «Әкелер» «Аналар», «Ағалар», «Әпкелер» мектептері жоспар жұмыс жасады. Бұл балаларға отбасы құндылығын ұғынуға септігін тигізді.

Біздің балабақшада ашылған күннен бастап ата-аналармен жоспарлы жұмыс жүргізіп келеді, олар: бірыңғай білім беру - сауықтыру кеңістігін құру балабақша-отбасы. Ата - аналармен жұмыс МДҰ жұмысының мазмұны туралы ақпараттандыруға, ата-аналарды балалардың өміріне тартуға, мектепке дейінгі балалардың жетістіктері мен проблемаларына назар аударуға бағытталған. Ынтымақтастық жолдарын іздеу жүргізілуде, түрлі іс-шаралар өткізу жоспарлануда. Педагогикалық үдерістің ашықтығы, психолог пен педагог алған баланың диагностикалық деректерімен жеке танысу

карастырылған. Бұл ретте келесі міндеттер шешіледі: - ата - аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру-отбасылық тәрбиенің үздік тәжірибесін зерделеу және қорыту-жұмыстың неғұрлым тиімді түрлерін іздеу және енгізу арқылы ата-аналарды МДҰ өміріне қатысуға тарту. Ата-аналармен жұмыс барысында тәрбиешілер әртүрлі жұмыс түрлерін қолданады: ата-аналар жиналысы, кеңес беру, ақпараттық бұрыш, сауалнама жүргізу, ата-аналарды топ пен балабақша өміріне белсенді қатысуға тарту (Мерекелер, суреттер көрмелерін ұйымдастыру, мастер-класстар, экскурсиялар, балабақша алаңын жинауға көмектесу). Жылдық міндеттерді шешу шеңберінде МДҰ педагогтары бірлескен қызметке ата-аналардың белсенді қатысуын ұйымдастыра білді.

Қорытынды:

Балабақша мен отбасының өзара қарым-қатынасы тығыз және жемісті болды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойына **ұлттық** құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған қала және республика көлемінде онлайн семинар қатысу.

2022-2023 оқу жылын қорытындылай отырып

2023-2024 оқу жылында ескеретін өзекті мәселелер анықталды:

- балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандарды заманауи талаптарға сәйкестендіру;
 - кадрлар жасының ұлғаюы және жетіспеуін жою;
 - кадрларды тұрақтандыру;
 - тиімді ата-ана-үшінші педагог ретінде балабақшаның тәрбие мен білім беру процесіне коучинг тәсілі арқылы тарту;
 - зерттеу баланың педагогпен өзара әрекетіне, баланың эмоционалдық дамуына, жеке тәсілді күшейтуге және баланың қызығушылығын қолдауға назар аудару қамтамасыз ету;
 - педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін, біліктілік арттыру курстарына қатысуды қамтамасыз ету;
 - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзету-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру тәсілдерін жетілдіру;
 - заттық-дамытушы ортаны жаңа модельге сай қажетті құраммен толтыру және құрастыру.
-

**Жаңа оқу оқу жылында қарастыратын бірқатар өзекті мәселелерді
ескере отырып 2023-2024 оқу жылының
мақсат, міндеттер айқындалды.**

Тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес

Миссия: «Әр балаға бақытты балалық шақ»

Мақсаты:

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағыдайларды қамтамасыз ететін баланың денсаулығы мен физикалық дамуын тәрбиелеу, оқыту, қорғау және нығайту.

Міндеттері:

- 1. Денсаулық талаптарын сақтап балалар мен балабақша педагогтарының салауатты өмір салтын қалыптастыру.
- 2. Көркемдік –эстетикалық тәрбие барысында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 3.Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуда заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану, шығармашылық қабілетін дамыту, ойын арқылы ақыл - ойды қалыптастыру және өз алдына жеке тұлға ретінде қалыптастыру.

**Тәрбиеленушілердің сандық құрамы мен топтарды
жинақтау**

2023 - 2024 оқу жылындағы топтар тізімі

№	Топ	Баланың жасы	Тәрбиешілердің Т. А. Ә.
1.	«Ләйлек» кіші топ	2 жас	Алькеева Назира Бактыбаевна Мырзахметова Салтанат Турганалиевна
2.	«Ақбұлақ» кіші топ	2 жас	Жазыкбаева Ргалы Аманхановна Керімбай Назым Асхатқызы
3.	«Аққайың» ортаңғы топ	3 жас	Далиева Индира Хасеновна Молдаш Харлығаш
4.	«Бұлбұл» ортаңғы топ	3 жас	Жуниспекова Насима Султанхановна Кужамжарова Гулайхан Маликовна
5.	«Аққу» ортаңғы топ	3 жас	Алина Гулдана Мухитқызы

6.	«Жұлдыздар» ересек тобы	4 жас	Ахаева Жанар Сыдыковна Алиева Сағыныш Кудияровна
7.	«Қарақат» ересек тобы	4 жас	Алтынбекова Фатима Зулхарнаевна Мумышева Айгуль Оразбековна
8.	«Шағала» ересек тобы	4 жас	Аубакирова Гульмира Егинбаевна Шаданова Раушан Оразбекқызы
9.	«Бозторғай» ересек тобы	4 жас	Гафарова Гулнур Ергалиевна
10.	«Қарлығаш» мектепалды тобы	5 жас	Кошатаева Айгул Куттыбаевна Бейлхан Айнур
11.	«Қызғаладақ» мектепалды тобы	5 жас	Изтаева Маржан Абдибековна
12.	«Түймедақ» мектепалды тобы	5 жас	Жакудинова Жанар Сагиновна Тыштыбаева Бахыткул Адильхановна

**2023 - 2024 оқу жылындағы педагог кадрлардың
сандық және сапалық құрамы**

№	Лауазымы	Жоғары санат	Зерттеуші	Бірінші санат	Сарапшы	Екінші санат	Модератор	Санатсыз
1.	Меңгеруші							1
2.	Әдіскер	1						
3.	Тәрбиеші	1	1	1	1	3	5	9
4.	Педагог-психолог					1		
5.	Логопед							1
6.	Дефектолог					1		
7.	ДШ бойынша нұсқаушы							2
8.	Музыка жетекшісі	1					1	
9.	Бейнелеу өнер мұғалімі		1		1			

Балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарында басшылыққа алатын негізгі нормативтік құжаттар

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады [1-4], [8-9], [11-13], [14-23]:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_

Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау

жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар 7

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

Педагогикалық әдеп қағидалары

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619>

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мақсаты: Балалардың физиологиялық дамуы, өмірі мен денсаулығын нығайту жұмыстарын жетілдіру және медициналық-педагогикалық бақылау

Тақырыбы	Негізгі қызметтердің мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
Дене шынықтыру» ҰОҚ (ДШ)	Дене шынықтыру үлгілік оқу жоспарына және ұйымдастырылған іс-әрекет кестеге сәйкес өткізу. Тақырыптық бақылау Қорытынды бақылау	Аптасына 3 рет қазан мамыр	Дене шынықтыру нұсқаушысы Меңгеруші Әдіскер Медбике
Режимдік сәттер (РС) Таңертеңгілік жаттығу Сергіту сәттері Таза ауадағы серуен Түскі ас Ұйқыдан кейінгі гимнастика	Режимдік сәттерді (РС) бақылау Алдын-ала бақылау – режимдік сәттерді орындау барысында орын алатын қателіктердің алдын-алу. Тақырыптық бақылау – режимдік сәттерде мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастыру барысын қадағалау Шұғыл бақылау – түскі ас кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру шараларының орындалуы Қорытынды бақылау – қалыптастырылған мәдени-гигиеналық шаралар нәтижесін шығару	Жыл бойы Қыркүйек Қазан Қаңтар Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Медбике
Денсаулық күндері(ДК)	Жас ерекшелік топтарына сәйкес денсаулық сақтау және нығайту шараларын ұйымдастыру	Қараша Қаңтар Сәуір	Әдіскер Дене шынықтыру нұсқаушысы Барлық топ тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы

